

**Таран ауданындағы "Варваринское" акционерлік қоғамының № А-5 ұңғымасы учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 37 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 ақпанда № 4043 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Таран ауданындағы "Варваринское" акционерлік қоғамының № А-5 ұңғымасы учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры

\_\_\_\_\_ Б. Кенжебаев

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік

инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің  
2013 жылғы 4 ақпандағы  
№ 37 қаулысына қосымша

**Таран ауданындағы "Варваринское" акционерлік қоғамының № А-5 ұңғымасы  
учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы
№ А-6, № А-7 ұңғымалар	Радиусі - әр ұңғыманың айналасында 50 метр	Әр ұңғыманың айналасында 0,785 гектар	Ұзындығы – 276 метр Барынша ені – 79 метр	2,18 гектар	Ұзындығы – 2545 метр Барынша ені – 119 метр	30,29 гектар

Ескерту: "А-5 ұңғыма учаскесінің санитарлық қорғау аймақтары" жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші "Варваринское" акционерлік қоғамы).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК